«Короновирустық инфекциясы бар жүкті әйелдерге медициналық көмекті ұйымдастырудың жай - күйі және оны жетілдіру» тақырыбында Нұрғалиева Жансая Жәнәділқызының 8D10101 - Қоғамдық денсаулық сақтау білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену диссертациясының

АҢДАТПАСЫ

Тақырыптың өзектілігі: Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) 2020 жылғы наурыз айында жариялаған COVID-19 коронавирустық инфекциясы пандемиясы Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесіне, соның ішінде репродуктивтік денсаулық саласына да айтарлықтай әсер етті. Физиологиялық және иммунологиялық өзгерістерге байланысты жүкті әйелдер жұқпалы ауруларға бейім осал топқа жатады және оларда аурудың ауыр өтуі мен жағымсыз ана және перинаталдық нәтижелердің даму қаупі жоғары (Jamieson және т.б., 2006; Rasmussen және т.б., 2019). Зерттеулер мерзімінен бұрын босану, кесарь тілігімен босану, реанимациялық бөлімшелерге жатқызу жиілігінің және асқынулардың, соның ішінде жедел респираторлық дистресс-синдромның өскенін көрсетті (Vizheh және т.б., 2021; DeBolt және т.б., 2020).

Қазақстанда ана өлімі проблемасы өзекті болып қалуда, әсіресе жекелеген аймақтарда оның көрсеткіштері республикалық деңгейден жоғары. Пандемия жағдайды күрделендіріп, бастапқы медициналық-санитариялық көмек деңгейінің жүкті әйелдерді COVID-19-бен жүргізуге дайын еместігін, арнайы алгоритмдердің жоқтығын және уақтылы көмек көрсету үшін ресурстардың шектеулігін айқындады. 2023–2024 жылдардағы ЖРВИ-дің жоғары сырқаттанушылық деңгейі (ҰСӨС, 2024) жүкті әйелдерді қоса алғанда, байланыстағы топтар арасындағы эпидемиологиялық жүктемені күшейтті.

Белгісіздік, клиникалық деректердің тапшылығы және мамандандырылған көмекке шектеулі қолжетімділік жағдайында жүкті әйелдерге тиімді бағыт-бағдарлау, деңгейаралық өзара іс-қимыл, телемедициналық бақылау және психоәлеуметтік қолдау жүйесін қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық үлгіні әзірлеу қажеттілігі туындады. Осы зерттеудің өзектілігі пандемия тәжірибесін жүйелі талдау мен Қазақстан Республикасындағы жүкті әйелдерге COVID-19 кезінде медициналық көмекті ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған шаралар кешенін ғылыми тұрғыдан негіздеу қажеттілігімен айқындалады.

Зерттеудің мақсаты: Жүкті әйелдерге коронавирустық инфекция (COVID-19) кезінде медициналық көмекті ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған іс-шаралар кешенін әзірлеу және жағымсыз нәтижелерді азайтуға ықпал ететін тиімді модельді қалыптастыру.

Зерттеудің міндеттері:

1. COVID-19 диагнозын қою және емдеу жөніндегі халықаралық және ұлттық клиникалық ұсынымдар мен хаттамаларға контент-талдау жүргізу.

2. Жүкті әйелдердегі COVID-19 ауруының клиникалық-эпидемиологиялық ерекшеліктерін талдау және ауыр ағымының қауіп факторларын анықтау.

3. Денсаулық сақтау ұйымдарындағы жүкті әйелдің COVID-19 инфекциясы кезіндегі маршрутын (амбулаториялық және госпитальдық кезеңдерде) зерттеп, медициналық көмекті алу және көрсету барысындағы проблемаларды анықтау.

4. COVID-19 жұқтырған жүкті әйелдерге медициналық көмекті ұйымдастыруды жетілдіруге арналған ғылыми негізделген ұйымдастырушылық және практикалық іс-шаралар кешенін әзірлеу.

Зерттеу дизайны:

Бірінші міндет бойынша – жүкті әйелдерді COVID-19-бен жүргізу жөніндегі халықаралық және ұлттық клиникалық ұсынымдар мен хаттамаларға контент-талдау жүргізілді.

Екінші міндет бойынша – эпидемиологиялық зерттеу жүргізілді (жүкті әйелдердегі COVID-19 ауруының клиникалық-эпидемиологиялық ерекшеліктері мен ауыр ағымының қауіп факторларын анықтау).

Үшінші міндет бойынша – дескриптивтік және аналитикалық зерттеу әдістері қолданылды (жүкті әйелдердің COVID-19 кезіндегі маршрутизациясын сапалық тұрғыдан талдау, тереңдетілген сұхбаттар жүргізу, ұйымдастырушылық кедергілерді анықтау).

Төртінші міндет бойынша – ұйымдастырушылық және практикалық іс-шаралар кешенін әзірлеу мен сынақтан өткізуге бағытталған қолданбалы (эксперименттік) зерттеу жүргізілді (СОП және сауалнама әзірлеу).

Зерттеу нысаны: Халықаралық нұсқаулықтар (ДДҰ, RCOG, ACOG, SMFM және т.б.), сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы COVID-19 диагнозын қою және емдеу жөніндегі ұлттық хаттамалар (№ 82, 90, 106, 124, 151, 166). Стационарлық науқастардың медициналық карталары, медициналық қызметкерлер (акушер-гинекологтар, жалпы тәжірибе дәрігерлері, инфекционистер, орта буын медицина қызметкерлері), COVID-19 инфекциясын өткерген жүкті әйелдер мен босанғандар.

Зерттеу пәні: Жүкті әйелдерге COVID-19 кезінде медициналық көмек көрсетудің құрылымы, ұйымдастырушылық компоненттері мен алгоритмдері, хаттамаларда қарастырылған тәсілдер; халықаралық және ұлттық ұсынымдар арасындағы айырмашылықтар мен жаңартулардың хронологиясы. Клиникалық көрсеткіштер, зертханалық маркерлер (CRP, прокальцитонин, ферритин, SpO_2 және т.б.), демографиялық сипаттамалар, қатар жүретін аурулар (семіздік, артериялық гипертензия, қант диабеті), ана мен перинаталдық нәтижелер (мерзімінен бұрын босану, кесарь тілігі, өлім жағдайлары). Жүкті әйелдердің маршруты (амбулаториялық буын, стационар, телемедициналық бақылау), клиникалық хаттамаларды қабылдау тәжірибесі, ұйымдастырушылық кедергілер (кеш жүгіну, ауруханаға жатқызудан бас тарту, вакцинацияға сенімсіздік), сенім мен психологиялық қолдау факторлары.

Қорғалуға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

Соңғы нұсқадағы клиникалық хаттамаларда амбулаториялық буында қызмет атқаратын дәрігерлерге жүкті әйелдерді бағыттау мен жүргізу бойынша нақты іс-әрекет алгоритмдері болмаған.

Жүкті әйелдер COVID-19 инфекциясының ауыр ағымына бейім жоғары қауіп тобына жатады. Ауыр ағымның негізгі предикторларына аурудың ауырлық

дәрежесі, артериялық гипертензия, аритмия, гипотония, прокальцитонин деңгейінің жоғарылауы, КТ сатысы, бронходилататорларды қолдану және артық дене салмағы жатады.

Медицина қызметкерлерінің арнайы хаттамалар бойынша білім деңгейінің төмендігі, жүкті әйелдердің медициналық көмекке кеш жүгінуі, ауруханаға жатқызудан бас тарту және өзін-өзі бақылау күнделігін жүргізудің болмауы жүкті әйелдерді COVID-19 кезінде дұрыс маршрутизациялауға кедергі келтірді.

COVID-19-бен ауырған жүкті әйелдерге медициналық көмекті ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған іс-шаралар кешені медицина қызметкерлерінің білім деңгейін арттыруға мүмкіндік берді және жүкті әйелдерді ауа-тамшылы инфекциялармен (соның ішінде COVID-19) жүргізу мен маршрутизациялау мәселелері бойынша тұрақты оқытудың өзектілігін көрсетті.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: Жүргізілген зерттеу нәтижесінде алғаш рет жүкті әйелдерді коронавирустық инфекция (COVID-19) кезінде жүргізуге арналған халықаралық және ұлттық клиникалық хаттамаларға кешенді талдау жасалды, бұл медициналық көмекті ұйымдастырудағы ерекшеліктер мен тәсілдердегі қайшылықтарды айқындауға мүмкіндік берді. COVID-19-дың ауыр және өліммен аяқталатын ағымына ықпал ететін негізгі клиникалық-эпидемиологиялық қауіп факторлары (дене салмағының артық болуы, артериялық гипертензия, гипергликемия, қабыну маркерлерінің жоғарылауы) анықталды. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінде жүкті әйелдердің COVID-19 кезінде медициналық көмек алу маршруты алғаш рет жүйелі түрде зерттеліп, амбулаториялық және госпитальдық деңгейлерде кездесетін өзекті ұйымдастырушылық мәселелер айқындалды. Зерттеу нәтижелері негізінде ғылыми тұрғыдан дәлелденген ұйымдастырушылық-практикалық іс-шаралар кешені әзірленді. Бұл кешен жүкті әйелдерге COVID-19 кезінде медициналық көмек көрсетуді жетілдіруге бағытталған стандартты операциялық рәсімдер (СОР), маршрутизация алгоритмдері және медицина қызметкерлерінің білім деңгейін бағалау құралдарын қамтиды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: Жүкті әйелдерді ауа-тамшылы жолмен берілетін инфекциялармен, соның ішінде COVID-19-бен жүргізу және маршрутизациялау мәселелері бойынша медицина қызметкерлерінің білім деңгейін бағалау әдістемесі (авторлық куәлікпен қорғалған валидтелген сауалнама) қолданыстағы ғылыми тәсілдерді толықтырады және бакалавриат бағдарламаларының оқу процесіне енгізілді.

Пандемия жағдайында жүкті әйелдерді жүргізудің тиімділігіне әсер ететін ұйымдастырушылық кедергілер мен факторларды сапалық талдау нәтижелері практикалық тәжірибені терең түсінуге мүмкіндік беріп, «Денсаулық сақтауды ұйымдастыру және басқару» мамандығы бойынша мамандарды даярлауда қолданылуда (авторлық куәлікпен расталған).

Сонымен қатар, жүкті әйелдердегі COVID-19-дың ауыр ағымының клиникалық-эпидемиологиялық қауіп факторлары туралы алынған мәліметтер акушер-гинекологтар мен жалпы тәжірибе дәрігерлеріне арналған біліктілікті арттыру бағдарламаларына енгізілуі мүмкін. Бұл өз кезегінде денсаулық сақтау

жүйесінде клиникалық және ұйымдастырушылық шешімдерді жетілдірудің теориялық негізін қалыптастырады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: Зерттеу нәтижелері негізінде стандартты операциялық рәсімдер (СОР) әзірленіп, тәжірибеге енгізілді: «Жүкті әйел ауа-тамшылы инфекция белгілерімен, соның ішінде COVID-19-бен, емхана фильтріне жүгінген кезде фильтр-дәрігердің функциялары» және «Ауа-тамшылы инфекция және COVID-19 белгілері бар жүкті әйелдерді үй жағдайында жүргізу кезінде медицина қызметкерлерінің функциялары». Аталған СОР-лар Алматы қаласындағы «Алатау қалалық ауруханасы» ШЖҚ КМК және «LS Clinic» медициналық орталығында енгізілді (енгізу актілері бар). Сонымен қатар, ауа-тамшылы инфекциялармен, соның ішінде COVID-19-бен ауырған жүкті әйелдерді маршрутизациялау мәселелері бойынша медицина қызметкерлерінің білім деңгейін бағалауға арналған валидтелген сауалнама әзірленіп, апробациядан өткізіліп, тәжірибеде енгізілді (енгізу актілері бар). Жүкті әйелдерді пандемия жағдайында жүргізу тиімділігіне әсер ететін ұйымдастырушылық кемшіліктер мен табысты маршрутизацияның детерминанттары бойынша алынған сапалық талдау нәтижелері «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша магистранттарға арналған «Денсаулық сақтауды ұйымдастыру және басқару» пәнінің силлабусына енгізілді (енгізу актісі – Эпидемиология, биостатистика және дәлелді медицина кафедрасы).

Автордың жеке үлесі: Автор диссертациялық зерттеу шеңберінде контент-талдау жүргізді, деректерді жинау және өңдеуді жүзеге асырды, тереңдетілген сұхбаттарды ұйымдастырып өткізді, статистикалық талдау жүргізді, сауалнама мен стандартты операциялық рәсімдерді (СОР) әзірледі, іс-шаралар кешенін қалыптастырды, сондай-ақ диссертацияның барлық бөлімдерін жазып, нәтижелерін талдап, интерпретациялады.

Зерттеу нәтижелері бойынша қорытындылар:

1. Пандемияның бастапқы кезеңінде Қазақстан Республикасындағы клиникалық хаттамалар жүкті әйелдерді COVID-19 кезінде жүргізудің ерекшеліктерін ескермеген, нәтижесінде бұл осал топ 11 айдан астам уақыт бойы жалпы хаттамаға сәйкес бақыланған. Кейбір хаттамаларда жүкті әйелдерге арналған маршрутизация және іс-әрекет алгоритмдері қамтылғанымен, олардың басым көпшілігінде мұндай тармақтар болмаған. Ұлттық хаттамалар халықаралық стандарттарға кезең-кезеңімен сәйкестендіріліп, амбулаториялық бақылау, дәрілік препараттарды сараланған қолдану және инфекциялық бақылау шараларын (соның ішінде қауіпсіз емізуді) енгізумен толықтырылған.

2. COVID-19-бен ауырған жүкті әйелдерде ауыр ағымның негізгі предикторлары анықталды: аурудың ауырлық дәрежесі (ОШ: 58,57; 95% CI: 13,10–261,79; p<0,001), артериялық гипертензия (ОШ: 7,27; 95% CI: 2,47–21,39; p<0,001), аритмия (ОШ: 14,4; 95% CI: 4,15–50,01; p<0,001), гипотония (ОШ: 7,38; 95% CI: 2,08–26,11; p=0,002), прокальцитонин деңгейінің жоғарылауы (ОШ: 4,33; 95% CI: 2,00–9,41; p<0,001), КТ сатысы (ОШ: 4,66; 95% CI: 2,51–8,66; p<0,001) және бронходилататорларды қолдану (ОШ: 6,52; 95% CI: 1,61–26,48;

p=0,009). Артық дене салмағы ана өлімімен статистикалық тұрғыда сенімді байланыста болғаны дәлелденді (p=0,013).

3. Жүкті әйелдерді COVID-19 кезінде бағыттау жүйесіндегі негізгі проблемалар медицина қызметкерлерінің арнайы хаттамалар бойынша білім деңгейінің жеткіліксіздігі (56%), жүкті әйелдердің медициналық көмекке кеш жүгінуі (56%), ауруханаға жатқызудан бас тарту жиілігінің жоғары болуы (77%) және өзін-өзі бақылау күнделігін жүргізу қажеттілігі туралы хабардар болмауы (100%) болып анықталды.

4. COVID-19-бен ауырған жүкті әйелдерге медициналық көмекті ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған іс-шаралар кешенінің тиімділігі дәлелденді. Екі стандартты операциялық рәсім (СОР) бойынша өткізілген оқудан кейін медицина қызметкерлерінің білім деңгейі негізгі бағыттар бойынша статистикалық тұрғыда айтарлықтай артты: амбулаториялық жүргізу критерийлері бойынша дұрыс жауаптардың үлесі 38,7%-дан 83,9%-ға дейін (p<0,001), жеңіл ағымды жағдайларды жүргізу тактикасы бойынша – 45,2%-дан 90,3%-ға дейін (p<0,001), өзін-өзі бақылау күнделігін жүргізу бойынша – 51,6%-дан 87,1%-ға дейін (p=0,017), госпитализациядан бас тарту жағдайларын тану бойынша – 35,5%-дан 80,6%-ға дейін (p=0,003), ал бас тарту кезіндегі іс-әрекет алгоритмі бойынша – 41,9%-дан 85,0%-ға дейін (p<0,001) өсті.

Диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдар: Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша Scopus халықаралық деректер базасына кіретін журналдарда екі ғылыми мақала жарияланды: “Association of Pre-Pregnancy Obesity and COVID-19 with Poor Pregnancy Outcome” (Journal of Clinical Medicine, 2023 ж., 12(8):2936, doi:10.3390/jcm12082936) және “A Multicentric Study on Adverse COVID-19 Outcomes Among Pregnant and Nonpregnant Women in Multidisciplinary Hospitals of Kazakhstan” (Diagnostics (MDPI), 2025 ж., 15(7):900, doi:10.3390/diagnostics15070900).

Диссертацияның көлемі мен құрылымы: Диссертация 151 беттен тұрады, кіріспеден, 4 бөлімнен, қорытындыдан, нәтижелер бойынша тұжырымдар мен практикалық ұсынымдардан құралған. Жұмыс 29 кесте және 11 суретпен безендірілген. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміне 212 дереккөз енгізілген.